

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 желтоқсандағы N 1164 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 4 желтоқсандағы
N 1164 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 тамыздағы N 1298 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесі туралы ережеде:

14 - тармақта:

алтыншы және жиырма екінші абзацтарда "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет", "Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің" деген сөздер "өртке қарсы қызмет

органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;
жетінші абзацта "Төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау техникалық және тау-кен қадағалау" деген сөздер "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтың бірінші абзацында және 21-тармақтың екінші абзацында "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өрт сөндіру қызметінің" деген сөздер тиісінше "өртке қарсы қызмет органдары", "өртке қарсы қызмет органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақтың бесінші және сегізінші абзацтарында "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің республикалық дағдарыс орталығы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің республикалық дағдарыс орталығы" деген сөздермен ауыстырылсын;
көрсетілген қаулыға қосымшада:

16-тармақта "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.23 N 733 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.30 № 1456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5 - 6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 4 желтоқсандағы

N 1164 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1068 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 30, 275-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Республикалық ақпараттық-техникалық орталығын Қазақстан

Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Есептеу техникасы, телекоммуникациялар, ақпараттама және жағдайлық талдау жөніндегі республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қыркүйектегі N 1390

қ а у л ы с ы н ы ң

6 - т а р м а ғ ы .

3. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 қарашадағы N 1593 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 49, 458 - қ ұ ж а т) .

4. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 шілдедегі N 651 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 12-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 22, 190-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 және 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1068 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 тамыздағы N 1119 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 348-құжат).